



10-11
СӘУІР
2025

"ҒЫЛЫМ: КЕШЕ, **БҮГІН**,
ЕРТЕҢ" АТТЫ ЖАС
ҒАЛЫМДАРДЫҢ LXIV
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



 [sno_zkgmu](#)

 [sno_zkmu](#)



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті жас ғалымдар!
МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ

Сіздерді
2025 жылы 10-11 Сәуірде өтетін


«ҒЫЛЫМ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ» АТТЫ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ
LXIV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА
қатысуға шақырамыз

Құрметті достар!

Біздің жыл сайынғы конференциямыз өзінің тамаша тарихына ие және жас ғалымдардың жарқын кездесулері мен қызықты ғылыми пікірталастар форматында біріктіру дәстүрін жалғастыруда.

Университетіміз Батыс Қазақстанның ең әдемі қаласы — Ақтөбеде Сіздерге есігін айқара ашады.

Ақтөбе – бұл ҰОС батыры Әлия Молдағұлованың, қазақтың ұлы композиторлары Ахмет пен Ғазиза Жұбановтардың, ауыл шаруашылығының жаңашылы Шығанақ Берсиевтің, ғарышкер Виктор Пацаевтың, көптеген жанкүйерлердің сүйікті әншісі Димаш Құдайбергеннің және басқа да көптеген көрнекті тұлғалардың туған жері.





Конференциямызға келесі бағыттар бойынша қатысуға болады:

- Морфология.
- Физиология;
- Эксперименттік медицина;
- Инфектологияның өзекті мәселелері:
- Экология;
- Гигиена;
- Қоғамдық денсаулық сақтау;
- Ішкі аурулар және онымен байланысты пәндер;
- Хирургиялық аурулар және онымен байланысты пәндер;
- Акушерлік және гинекология;
- Педиатрия;
- Стоматология;
- Патоморфология.
- Патофизиология
- Сот медицинасы;
- «Actual problems of theoretical medicine» (ағылшын тілінде);
- «Actual problems of clinical medicine» (ағылшын тілінде);
- Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің секциясы;
- Постерлік баяндамалар секциясы;
- Филология және мәдениетаралық коммуникация;
- Теориялық ғылымдағы жас ғалымдар;
- Клиникалық медицинадағы жас ғалымдар.



Қатысу түрі:

Ауызша баяндама: баяндама ұзақтығы – 5 минутқа дейін, талқылау – 2 минутқа дейін. Слайд-презентациялар Microsoft PowerPoint бағдарламасында стандартты үлгіде ресімделуі керек, Қосымша 3.

Постерлік баяндама: Баяндама тезистері барлық талаптарға сәйкес материалдар жинағына міндетті түрде ұсынылуы керек, ал постер X-баннер (80x180 см) макетінде конференцияның жұмыс тілдерінде мәтінмен ресімделіп (постердің жоғарғы бөлігі жинақтағы тезистердің ресімделуіне ұқсас) және міндетті түрде иллюстрациямен қамтылуы қажет. Ресімдеу үлгісі. Қосымша 4.

Конференция өтетін орын: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Маресьев көшесі, 66, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.

Конференцияның өту уақыты: 09:00 – 18:00.

